

Джансараева Р.Е.¹, Омарова А.Б.², Маликов Д.Б.³

¹з.ғ.д., профессор, e-mail: Rima.Jansaraeva@kaznu.kz

²з.ғ.к., доцент, e-mail: omar_17@mail.ru

³оқытушы, e-mail: daurenm@gmail.com

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ВИКТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР БАҒЫТТАРЫ ТУРАЛЫ

Аталған мақала құқықтық ғылымдағы виктимологияның мәні мен маңызын анықтау сұрақтарына арналған.

Аталған мақаланың мақсаты – виктимологияның ұғымын анықтауға қатысты классикалық және заманауи көзқарастарды және виктимологиялық зерттеулердің негізгі бағыттарын зерттеу.

Виктимологиялық зерттеулер мәселелері құқықтық ғылымда жиырмасыншы ғасырдың 40 жылдары батыс ғалымдарымен криминологияның жаңа ғылыми бағыты қарастырылған. Қазіргі кезде виктимология заманауи дүниеде өсуі жалпы және арнайы экономикалық, саяси, рухани, қылмыстық-құқықтық, криминологиялық факторлармен шартталған қылмыстылыққа қарсы тұру мәселелерін ғылыми құқықтық зерттеудің дербес, кешенді, жүйелі бағыты ретінде қарастырады.

Заманауи Қазақстанда қылмыстық құқықтық қатынастардың қатысушысы ретінде қылмыс құрбанын анықтау позициясынан қылмыстылық мәселелерін зерттеуге қатысты құқықтық ғылымның дербес ғылыми бағыты ретінде виктимологияның қалыптасу үдерісі жақында басталып, қылмыстылықтан виктимологиялық сақтандыру жүйесін, жәбірленушінің және қылмыс құрбандарының құқықтарын қорғау үшін тиісті нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру қажеттілігі туындады. Дегенмен де, қылмыстылықтан сақтандырудың заманауи отандық заң тәжірибесінде виктимологиялық бағыт тек қылмыстылықтан сақтандырудың стратегиясы мен тактикасын және азаматтарды қылмыстық құқықтық қорғауды анықтауға қатысты қызметтің бір бөлігі деген пікір қалыптасқан. Жүргізілген зерттеулер қылмыстылыққа виктимологиялық қарсы тұру туралы нақты және толық пікірі қалыптастырмады. Осы жағдай жүргізілген зерттеудің жаңалығын анықтайды. Аталған мақалада авторлар құқықтық ғылымдағы кешенді бағыт ретінде виктимологияны кең түрде қарастырып, виктимологиялық зерттеулердің бағыттарын кешенді зерттеу қажеттілігін негіздейді. Мақалада ғылымда орын алған теориялық көзқарастарды зерттеу және жалпылау негізінде виктимологияның ұғымына және виктимологиялық зерттеулердің негізгі бағыттарына деген тұжырымдамалық көзқарастардың мәні жалпыланған түрде берілген. Авторлар арқылы мақаланың ғылыми маңызын анықтайтын виктимологияның теориялық негіздері туралы қорытындылар мен ғылыми негізделген ережелер бейнеленген. Сонымен қатар, мақаланың тәжірибелік маңызын бейнелейтін тақырып бойынша негізгі мәселелер және оларды шешудің негізгі бағыттары белгіленген.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне қылмыстық құқық және криминологияның қылмыс, қылмыстық, виктимділік, виктимологияның мәні туралы ғылыми ережелер қаланды. Виктимологияның ұғымына қатысты заманауи көзқарастарды зерттеу барысында қорытындылар әлеуметтік-құқықтық, қылмыстық құқықтық құбылыстар мен үдерістерді сапалық және сандық талдау жолымен алынған. Авторлар арқылы жүргізілген құқықтық талдау Қазақстанның құқықтық ғылымындағы виктимологиялық зерттеулердің жаңа бағыттарын анықтау үшін ұсыныстар жасауға және басқа мемлекеттермен өзара әрекеттесу қажеттілігін көрсететін қылмыстылыққа қарсы тұру аясындағы виктимологиялық зерттеулердің халықаралық аспектілерін игеруге үлес қосады. Аталған мақалада алынған нәтижелерді оқу үдерісінде, аталған мәселе бойынша оқулықтар, оқу құралдарын және мақалалар жариялау барысында қолдануға болады.

Түйін сөздер: қылмыстылық, қылмыстылыққа қарсы тұру, виктимділік, қылмыстылықтың құрбаны, виктимология.

Dzhansaraeva R.E.¹, Omarova A.B.², Malikov D.B.³

¹Doctor of Juridical Sciences, professor, e-mail: Rima.Jansaraeva@kaznu.kz

²Candidate of Juridical Sciences, docent, e-mail: omar_17@mail.ru

³teacher, e-mail: daurenm@gmail.com

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Some areas of victimological research

In this article, the authors draw attention to the victimological direction in the implementation of the criminal policy of the state.

The purpose of this article is to investigate the conceptual aspects of the victimological policy of the state as one of the directions of the criminal policy in the field of combating crime.

The problem of criminal policy is a complex, systematic socio-political and legal problem of modern Kazakhstan, conditioned by general and special economic, political, spiritual, methodological, legal, criminological and other factors. Victimological policy is considered as one of the criminal policy branches, means of influencing crime in the mainstream of world trends.

In today's Kazakhstan, a comprehensively developed theoretical and regulatory framework for the development of the system of victimological crime prevention, protection of the rights of victims and victims of crime has been formed. Meanwhile, in modern legal literature and in crime prevention practice, a point of view has been formed according to which the victimological direction is only a part of the strategy and techniques of crime prevention and criminal legal protection of citizens. Numerous studies have not yet led to the development of a sufficiently accurate and complete picture of the victimological counteraction of crime as a sphere of criminal policy. This determines the novelty of this study. In the proposed article, the authors hold and disclose the position that in terms of content, subject matter of regulation, subjective composition, victimological policy in a certain sense is broader than the scientifically grounded strategy and tactics of crime prevention and regulation of criminal legal relations implemented in modern criminal policy. In the article, based on the study and generalization of existing theoretical views, the essence of the conceptual approach to determining the victimological policy of the state in the sphere of combating crime is presented in a generalized form. The authors reflect scientifically substantiated provisions and conclusions about the theoretical foundations of victimological crime prevention, which determines the scientific significance of this article. In addition, the main problems on the topic and the main directions of their solution are identified, which determines its practical significance. The methodological basis of the research is the scientific provisions of criminal law and criminology on the nature of crime and criminality, their impact on the state and public security, victimization, victimology. In the course of research into the modern concept of determining the nature of victimological crime prevention, the conclusions are obtained through qualitative and quantitative analysis of social, legal, criminal-legal phenomena and processes.

The legal analysis carried out by the authors makes it possible to provide recommendations for the definition of new promising areas of Kazakhstan's criminal policy in the sphere of combating crime, it can contribute to the solution and overcoming of the international aspect in the field of victim crime prevention, which requires the establishment of cooperation with other states. The results obtained in this article can be used in the educational process, for writing textbooks or educational guide books and publishing articles on this topic.

Key words: criminality, crime prevention, criminal policy, victimology policy, victimality, victimization, the victim of crime.

Джансараева Р.Е.¹, Омарова А.Б.², Маликов Д.Б.³

¹Д.ю.н., профессор, e-mail: Rima.Jansaraeva@kaznu.kz

²к.ю.н., доцент, e-mail: omar_17@mail.ru

³преподаватель, e-mail: daurenm@gmail.com

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

О некоторых направлениях виктимологических исследований

Настоящая статья посвящена вопросам определения сущности и значения виктимологии в правовой науке.

Цель настоящей статьи – исследовать классические и современные научные подходы к определению виктимологии и основные направления виктимологических исследований.

Проблемы виктимологических исследований были обозначены перед правовой наукой еще в 40-х годах двадцатого столетия западными учеными как новое научное направление в криминологии. В настоящее время виктимология рассматривается как самостоятельное комплексное, системное направление научно-правовых исследований проблем противодействия преступности в современном мире, рост которой обусловлен общими и специальными

экономическими, политическими, духовными, уголовно-правовыми, криминологическими и иными факторами. В современном Казахстане относительно недавно начался процесс формирования виктимологии как самостоятельного научного направления в правовой науке по исследованию проблем преступности с позиции определения жертв преступлений как участников уголовно-правовых отношений, необходимости формирования надлежущей нормативно-правовой базы для развития системы виктимологической профилактики преступности, защиты прав потерпевших и жертв преступлений. К сожалению, в современной отечественной юридической практике предупреждения преступности сформировалась точка зрения, согласно которой виктимологическое направление есть лишь часть деятельности по определению стратегии и тактики предупреждения преступности и уголовно-правовой защиты граждан. Многочисленные исследования не привели пока к выработке достаточно точного и полного представления о виктимологическом противодействии преступности. Это определяет новизну настоящего исследования. В данной статье авторы придерживаются и раскрывают позицию определения виктимологии в широком смысле как комплексном направлении в правовой науке, что обуславливает необходимость выявления и комплексного научного исследования направлений виктимологических исследований.

В предлагаемой статье на основе изучения и обобщения существующих теоретических взглядов излагается в обобщенном виде сущность концептуального подхода к определению виктимологии и основных направлений виктимологических исследований. Авторами отражены научно обоснованные положения и выводы о теоретических основах виктимологии, что определяет научную значимость настоящей статьи. Кроме того, обозначены основные проблемы по теме и основные направления их решения, что обуславливает его практическую значимость.

Методологической основой исследования стали научные положения уголовного права и криминологии о сущности преступления и преступности, виктимности, виктимологии. В ходе исследования современных подходов к определению виктимологии выводы получены посредством качественного и количественного анализа социально-правовых, уголовно-правовых явлений и процессов.

Проведенный авторами правовой анализ позволяет представить рекомендации по определению новых перспективных направлений виктимологических исследований в правовой науке Казахстана и может внести вклад в решение и преодоление международного аспекта в сфере виктимологических исследований проблем противодействия преступности, что предполагает необходимость взаимодействия с другими государствами.

Результаты, полученные в настоящей статье, можно использовать в учебном процессе, для написания учебников или учебных пособий и публикации статей по данной проблематике.

Ключевые слова: преступность, противодействие преступности, виктимность, жертва преступности, виктимология.

Кіріспе

«Виктимология» термині ХХ ғасырдың 40 жылдары «victima» латын сөзі және «logos» грек сөзінен жаңа ғылыми бағытты, құрбан туралы ілімді білдіреді.

Виктимология ұғымы «құрбан» терминіне қандай автор қандай мазмұн беретіндігіне қарай анықталады. Бәрімізге мәлім адамға қауіп-қатер әржақтан келуі мүмкін. Сондықтан да, құрбан – табиғи, әлеуметтік, технологиялық үдерістердің нәтижесі ретінде тұрақты, сөзсіз элементті білдіреді.

Адам экологиялық апаттың, қылмыстық емес сипаттағы жағдайлардың кездейсоқ үйлесуінің, қауіпсіздік ережелерінің бұзылуының және басқа да қылмыстық емес жағдайлардың құрбанына айналуы мүмкін.

Құқықтық мағынада құрбанның екі түрін бөліп қарастыруға болады: а) оқыс оқиғадан

(өндірістік және тұрмыстық жарақаттан, апаттан, табиғи апаттан және т.б.); б) құқық бұзушылықтардан.

Виктимология аясындағы ғалымдардың пікірі бойынша, дербес ғылыми бағыт ретінде виктимологияның қалыптасуы келесі факторларға: қоғамдағы саяси және әлеуметтік өзгерістерге; әлеуметтік көмек көрсету жүйесінің қысқаруына, жұмыссыздықтың өсуіне; тұлғаға виктимділіктен келтірілген зиянның орын толтыру үшін заңмен кепілдік берілген мүмкіндіктердің азаюына; адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға қоғам тарапынан назардың ұлғаюына; қылмыскердің криминалды белсенділігін зарарсыздандыру, тойтаруға бағытталған қылмыстың алдын алу шараларының шектелгендігіне байланысты.

Айта кету керек, бұл тек жаңа ғылыми бағыттың құрылуына алғышарт болған факторлардың бір бөлшегі ғана.

Өткен ғасырдың 40-жылдары Батыста жаңа ғылыми бағыттың дамуы туралы алғаш рет Б. Мендельсон, Г. Гентиг, Р. Гассердің идеяларының әсерінен «...жаңа бағыт криминологиядағы дәстүрлі тақырып қылмыс құрбанына деген қисынды, пәнаралық көзқарасты тиімді қамтамасыз ете алады» деген ойлар қозғала басталды (Kostic, 2010).

Аталған бағытты ұстанушы авторлар арқылы құрбан қылмыстың қатысушысы ретінде қабылданып, қылмысқа қатысу сипатына байланысты оларды жүйелеу ұсынылды. Айта кетсек, Бенджамин Мендельсон «...қылмыстағы құрбанның рөлін зерттеу жетік қылмыстан сақтандыруға әкеліп соқтырады», – деп баса айтып көрсетті (Mendelsohn, 1963). Жаңа ғылыми бағыт қылмыстың себептері мен оны жасауға жәрдемдесетін жағдайларды терең және жан-жақты түсіну үшін, жәбірленуші туралы мәліметтерді біріктіріп, бір жүйеге келтіруді көздеді.

Шетелдік ғалымдардың пікірі бойынша, виктимология өз зерттеулерін криминологиямен сәйкестендіре отырып, бірақ оны қайталамай, жаңа ғылыми бағытты ашуы керек. Сонымен, виктимология жаңа ғылыми бағыт ретінде қылмыскердің іс-әрекеті мен оның құрбанға деген қарым-қатынасын қозғайтын мінез-құлық үлгісінің дамуын зерттеуге, белгілі бір адамдар мен топтардың виктимділігінің факторларын анықтауға, қылмыс құрбандарының әртүрлі типтерін зерттеуге және жүйелеуге мүмкіндік береді. Виктимология арқылы қылмыстық актіні басқа жағынан зерделеуге, әлеуметтік құбылыс ретінде қылмыстылықты туындататын барлық себептер мен жағдайлардың жиынтығын зерттеуге мүмкіндік туды.

Қылмыстық құқықтың классикалық мектебінің өкілі Иеремия Бентам осыдан 200 жыл бұрын қылмыстың құрбандарына келтірілген зиянның орын толтыруды ұсынған болатын. Ганс фон Гентиг қылмыстың құрбанын қылмыстық ниетті қалыптастырудың белсенді субъектісі, қылмысты жасауға қатысушы, кейде оның инициаторы ретінде де қарастырады (Гентиг, 1948). Бенджамин Мендельсон мен Ганс фон Гентигтің еңбектері қазір виктимологиялық классиканың қатарында.

29 наурыз 1947 жылы алғаш рет Б. Мендельсон Бухарестегі халықаралық конгрессте «виктимология» ұғымын енгізіп, «Новые биопсихосоциальные горизонты: виктимология» атты әйгілі баяндамасын жариялады. Б. Мендельсонның баяндамасында виктимологияның негізін қалаушы

элементтер: құрбан, кінәнің дәрежесіне қарай ол құрбанның типологиясын береді (абсолютті кінәсіз құрбан (мінсіз құрбан), жеңіл кінәнің дәрежесі бар құрбан, қолсұғушының кінәсімен тең дәрежедегі құрбан, (ерікті құрбан), кінәлі құрбан (арандатушы құрбан), толық кінәлі құрбан) және «қылмыстық жұп» (құрбандық пен зорлық арасындағы), «құрбанға кандидат», «арандатушы құрбан», «құрбандық индексі» атты ұғымдар енгізілді.

Виктимологиялық мәселелер жан-жақты және терең түрде Г. Гентиг пен Б. Мендельсонның ізбасарлары Г. Элленберг, Р. Гассер, Х. Нагель, И. Маттес, С. Шафер, А. Фаттах, Э. Виано, Г. Шнайдер, К. Миядзава, Дж. Фримэн және т.б. еңбектерінде көрініс тауып, бұл ғылыми еңбектер дербес ғылыми пән ретінде виктимологияның қалыптасуына көп үлес қосты.

Қылмыстың құрбаны туралы ілімнің негізіне қаланған және құрбандарды қорғауға байланысты халықаралық заңнаманың дамуына жәрдемдескен шетелдік виктимологиялық зерттеулермен қатар қылмыстылықтың жеке-леген түрлеріне қарсы іс-қимылға арналған криминологиялық зерттеулер шеңберіндегі кеңестік виктимологияның дамуы туралы да айта кету жөн.

КСРО-да алғаш виктимологиялық зерттеулерді Л.В. Франк жүргізді. Өз зерттеулерінде Л.В. Франк виктимологияның теориялық және қолданбалы құндылығы бар дербес ғылыми бағыт екендігін негіздеді (Франк, 1966).

Қазақстанда виктимология аясында зерттеулер жүргізілуде, дегенмен де, Ресеймен салыстырғанда аса қарқынды түрде емес. Қазақстандық ғалымдардың ішінде Е.О. Алауханов, М.С. Баймурзин, Д.Б. Кайназарова, Н.К. Котова, Н.Д. Мухамедьянов, Р.Т. Нуртаевтың арнайы еңбектерін атап кетуге болады (Алауханов, Баймурзин, 2004; Кайназарова, 2006; Котова, 1999; Мухамедьянов, 2004; Нуртаев,).

Қылмыстылыққа виктимологиялық қарсы іс-қимыл жүйесін құрудың алғышарттары, виктимологиялық алдын алу және қылмыстың жәбірленушісін қорғау, қылмыстың құрбандарына төлемақы төлеу тетіктерін жүзеге асыру шаралары мемлекеттің қызметінің белгілі бір бағыты, атап айтқанда, виктимологиялық саясат туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді (Ситковский, 1995).

Шет елдерде қылмыстық саясатты жүзеге асыру шеңберінде виктимологиялық алдын алуға ғана емес, сонымен қатар, қылмыстылықтың

виктимологиялық алдын алудың әртүрлі әдістеріне де назар аударылады.

Шетелдік ғалымдар виктимологиялық зерттеулерді тек виктимділікті зерделеу шеңберінде ғана емес, қылмыстылықпен күрес аясында, жәбірленушілердің ерекшеліктері мен қажеттіліктерін, қылмыстық саясат аясындағы заң жобаларын зерттеу шеңберінде жүргізеді (Aaltonen, 2012; Hawdon, 2014; Heber, 2014)

Виктимологиялық зерттеулер қылмыс (ерекше) және қылмыстылықтың (жалпы) арақатынасы сияқты екі негізгі деңгейде жүзеге асырылады.

Жалпы деңгейдегі зерттеулер виктимді мінізқұлықтың заңдылықтарын, олардың себептерін зерттеуге мүмкіндік берсе, ерекше деңгейдегі зерттеулер қылмыскерде құқыққа қайшы ниеттің туындауы мен дамуына әсер ететін фактор ретінде, қылмыс құрбанының мінез-құлқын бағалауға мүмкіндік береді.

Виктимологиялық зерттеулердің түпкі мақсаты болып, нақты қылмыстардан сақтандырудың және жәбірленушілерге тікелей әсер ету арқылы қылмыстылықтың алдын алудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ ықтимал жәбірленушілер мен мүмкін қылмыскерлерге бағдарланған құқықтық тәрбиені дұрыс ұйымдастыру табылады.

Қылмыстардан сақтандырудың виктимологиялық бағыты үлкен шығындарды қажет етпейді де, себебі барлық адамдарға тән өзін-өзі қорғауға деген ұмтылысты жүзеге асырады.

Батыс Еуропа мен АҚШ-та «Өзіңді, жанұяңды, тұрғын-жайың мен меншігінді қылмыстық қол сұғушылықтан қалай қорғау керек» тақырыбында көптеген танымал мақалалар мен құралдар жарияланып жатыр. Қылмыстық істерге байланысты жәбірленушілер мен куәлерді қорғау бағдарламалары жүзеге асырылуда, қылмыстың жәбірленушілерінің қоғам-

дастықтары қалыптасқан. Барлық жерлерде ықшамаудандарда кезекшілік жасап, қажет болған реттерде полиция қызметкерлерін шақыратын «Көршілер қауымдастығы» құрылған. Барлық оқу орындарында бастауыш мектептен бастап, жоғары оқу орындарына дейін қолданбалы виктимологиядан сабақтар өткізіледі. Адамдар қалауы бойынша тек дәрістерді тыңдап қоймай, арнайы тренингтен өте алады: өзін-өзі қорғау әдістерін меңгеріп, оқыс жағдайларда оңтайлы мінез-құлық машықтарын игере алады.

Жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай келе, виктимологиялық зерттеулердің басым бағыттары ретінде:

1) қылмыс құрбанының құқықтық мәртебесін реттейтін қылмыстық, қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқару заңнамаларын жетілдіру;

2) ауыр және аса ауыр зорлық-зомбылық, пайдақорлық-зорлық қылмыстарынан халықтың виктимділігінен сақтандыру шараларының тиімділігін арттыру;

3) қылмыстық қол сұғушылықтардан азаматтардың өзін-өзі қорғауының тиімді техникалық құралдарын тәжірибеге енгізу (электрошокерлер, газбен атылатын пистолеттер, аэрозольды баллондар және т.б.);

4) тұрғын-жайды, автокөлік және басқа да мүлікті қорғау үшін күзет дабылдарын, дабыл түймешіктерін, ұрлыққа қарсы құрылғылар және басқа да техникалық құрылғыларды пайдалану;

5) жәбірленушілерге ауыр және аса ауыр қылмыстардан келтірілген материалдық, физикалық, моральдық зиянның ақшалай эквиваленттерін анықтау үшін ғылыми әдістемелер әзірлеу.

Сонымен, виктимологиялық зерттеулер виктимологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бірлігі ретінде заманауи талаптарға сай, қабылдауға оңтайлы, сенімді, жүйелі, кешенді болуы қажет.

Әдебиеттер

- Алауханов Е.О. Криминология. – Алматы, 2008.
- Aaltonen M., Kivivuori J., Martikainen P., Siren R. Socioeconomic differences in violent victimization: Exploring the impact of data source and the inclusivity of the violence concept. // *European Journal of Criminology*, 2012. – № 9. – pp. 567-583.
- Баймурзин М.С. Виктимологические детерминанты криминогенного поведения: автореф... канд. юрид. наук. – Караганда, 2000. – 24 с.
- Miomira Kostic Victimology: A Contemporary Theoretical Approach to Crime and its Victim // *Facta Universitatis. Series: Law and Politics*. – Vol.8. – №1. – 2010. – P.65-78.
- Mendelsohn B. The Origin of the Doctrine of Victimology // *Mendelsohn Excerpta Criminologica*, 1963. – № 3. – P. 239-244.
- Франк Л.В. Виктимология как вспомогательная дисциплина криминологии и криминалистики // Научная конференция, посвященная 96-й годовщине со дня рождения В.И. Ленина: Сборник. – Душанбе, 1966. – С. 139-140.

Кайназарова Д.Б. Виктимологические аспекты преступлений в отношении иностранных граждан в Республике Казахстан: автореф. дис ... канд. юрид. наук. – Алматы, 2006. – 24 с.

Котова Н.К. Виктимологические проблемы тяжких агрессивных насильственных преступлений: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – Алматы, 1999. – 30 с.

Мухамедьянов Н.Д. Виктимологическая профилактика насильственных преступлений: учебное пособие. – Алматы: Данекер, 2004. – 124 с.

Нуртаев Р.Т. Актуальные проблемы уголовной политики стран Евразийского экономического союза в условиях глобализации // Криминология: вчера, сегодня, завтра. – 4(47). – 2017. – С. 78-81.

Ситковский А.Л. Виктимологические проблемы профилактики корыстных преступлений против собственности граждан: автореф. дис. канд. юрид. наук. – М., 1995. – 21 с.

Hans von Hentig *The Criminal and His Victim. Studies in the Sociobiology of Crime.* Yale University Press, New Haven, 1948.

Hawdon J., Rasanen P., Oksanen A., Vuori M. Social responses to collective crime: Assessing the relationship between crime-related fears and collective sentiments. // *European Journal of Criminology*, 2014. -№. 11. – pp. 39-56.

Heber A. Good versus bad? Victims, offenders and victim-offenders in Swedish crime policy. // *European Journal of Criminology*, 2014. – № 11. – pp. 410-428.

Referenes

Aaltonen M., Kivivuori J., Martikainen P., Siren R. Socioeconomic differences in violent victimization: Exploring the impact of data source and the inclusivity of the violence concept. // *European Journal of Criminology*, 2012. – №. 9. – pp. 567-583.

Alauhanov E.O. (2008) *Kriminologiya.* – Almaty.

Bajmurzin M.S. (2000) *Viktimologicheskie determinanty kriminogenno go povedeniya: avtoref... kand. yurid. nauk.* – Karaganda. – 24 s.

Frank L.V. *Viktimologiya kak vspomogatel'naya disciplina kriminologii i kriminalistiki* // Nauchnaya konferenciya, posvyashchennaya 96-j godovshchine so dnya rozhdeniya V.I. Lenina: Sbornik. – Dushanbe, 1966. – S. 139-140.

Hawdon J., Rasanen P., Oksanen A., Vuori M. Social responses to collective crime: Assessing the relationship between crime-related fears and collective sentiments. // *European Journal of Criminology*, 2014. -№. 11. – pp. 39-56.

Hans von Hentig *The Criminal and His Victim. Studies in the Sociobiology of Crime.* Yale University Press, New Haven, 1948.

Heber A. Good versus bad? Victims, offenders and victim-offenders in Swedish crime policy. // *European Journal of Criminology*, 2014. – № 11. – pp. 410-428.

Kajnarova D.B. *Viktimologicheskie aspekty prestuplenij v otnoshenii inostrannyh grazhdan v Respublike Kazahstan: avtoref. dis ... kand. yurid. nauk.* – Almaty, 2006. – 24 s.

Kotova N.K. *Viktimologicheskie problemy tyazhkih agressivnyh nasil'stvennyh prestuplenij: avtoref. dis. ... kand. yurid. nauk.* – Almaty, 1999. – 30 s.

Miomira Kostic *Victimology: A Contemporary Theoretical Approach to Crime and its Victim* // *Facta Universitatis. Series: Law and Politics.* – Vol.8. – №1. – 2010. – P.65-78.

Mendelsohn B. *The Origin of the Doctrine of Victimology* // *Mendelsohn Excerpta Criminologica*, 1963. – № 3. – P. 239-244.

Muhamed'yanov N.D. *Viktimologicheskaya profilaktika nasil'stvennyh prestuplenij: uchebnoe posobie.* – Almaty: Daneker, 2004. – 124 s.

Nurtaev R.T. Aktualnyie problemyi ugolovnoy politiki stran Evraziyskogo ekonomicheskogo soyuza v usloviyah globalizatsii // *Kriminologiya: vchera, segodnya, zavtra.* – 4(47). – 2017. – S. 78-81.

Sitkovskiy A.L. (1995) *Viktimologicheskie problemyi profilaktiki koryistnyih prestuplenij protiv sobstvennosti grazhdan: avtoref. dis. kand. yurid. nauk.* – М. – 21 s.